

Карантинды тоқтату туралы

Алматы облысы Қаратал ауданы Тастөбе ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 19 қаңтардағы № 2 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2017 жылы 2 ақпанда № 4091 болып тіркелді

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес және Қаратал ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 15 желтоқсандағы № 6 ұсынысының негізінде, Тастөбе ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Тастөбе ауылдық округінің Тастөбе ауылының № 1 табынына мүйізді ірі қара малдардың арасында қарасан ауруының пайда болуына байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. "Тастөбе ауылдық округінің Тастөбе ауылының № 1 табынына карантин белгілеу туралы" 2016 жылғы 04 қарашадағы № 13 Тастөбе ауылдық округі әкімінің шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4026 тіркелген, 2016 жылдың 16 желтоқсанында "Қаратал" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тастөбе ауылдық
округінің әкімі*

А. Байғунысов